

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға бақылау жасаудың анықтау туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 9 қантардағы N 18 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 133 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4294. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 4 шілдедегі № 217 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.04 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Екінші деңгейдегі банктердің, сактандыру (қайта сақтандыру) үйимдарының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға бақылау жасаудың анықтау туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 9 қантардағы N 18 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4052 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға бақылау жасаудың анықтау туралы Нұсқаулықта:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бір заңды тұлғаның төленген ақысы осы қызметті көрсеткен заңды тұлға кірісінің кеміндегі жартысын құраған қызметті алушы болып табылатын заңды тұлғаның алдында берешегі бар басқа заңды тұлғадан қызмет алуы.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын **к о л ф а** **алсын;**

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне, екінші деңгейдегі банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Tərafa*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК